

Жеке секторға жобаны іске асыру шеңберінде ұсынылатын тауарлардың/жұмыстардың/қызметтердің сапасын қамтамасыз ететін келісімшарттардың талаптарын сақтау жөніндегі міндеттемелер жүктелуі тиіс.

Жобалық қаржыландыруды пайдалануды заңнамалық реттеу жобаларды қаржыландыруды ұйымдастыруға ықпал ететін болады, ол кезде:

1) тартылған қаражатқа қызмет көрсету және оның қайтарымдылығын қамтамасыз ету үшін негіз болатын жобаны іске асырудан түскен болашақ ақша ағындары бойынша талап ету құқығын беру жүзеге асырылады;

2) жобалық борышты қолдану және қызмет көрсету үшін жаңа заң бойынша ерекшеленген әлеуметтік қаржылық компания құрылатын жобаларды қаржыландыруды ұйымдастыруға негіз болады.

3) тәуекелдерді төмендетуге, кредиторлар құқығын қорғауға және күшейтуге;

4) жобаны іске асыру кезінде және соның нәтижесінде жобаның тартымдылығы артқан кезде заңнамалық белгісіздіктерді азайтуға бағытталады. Жобалық қаржыландыру мәселесін заңнамалық тұрғыдан реттелгеннен кейін күтілетін әлеуметтік-экономикалық тиімділік:

5) қазақстандық тарап тәуекелдерін төмендету есебінен тікелей және портфельді шетелдік инвестицияларды қолдану инвестициялық ахуалды және қазақстандық қарыз алушылар үшін сыртқы қарыз алу әлеуетін жақсартады;

6) жобаларды іске асыру мемлекеттік кепілдік беруді көздемейді және мемлекет борышының өсуіне әкеп соқпайды, өйткені жобаларды қаржыландыру болашақта жобаның өзінен түсетін ақша ағындарынан жүзеге асырылады;

7) қаржы секторын дамытуға және тәуекелді төмендету есебінен инфрақұрылымдық және капиталды қажет ететін өзге де жобаларға инвестициялайтын қаржы институттарына жаңа мүмкіндіктер беруге ықпал етеді.

1. «Мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың, соның ішінде МЖС жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді лимиттерін, анықтау әдістемесін бекіту туралы» 26 қарашадағы № 731 Ұлттық экономика 2015 министрінің бұйрығы;

2. Есембекова Д.Б. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту. -Алматы: 2020.

3. Балашов с. дамыған елдерде МЖЭ жұмыс істеу тәжірибесі // PFA ЖЭ хабаршысы, 2019.-№5.

Оразова А. Б. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, заң факультеті, Ю-34 к. студенті.
(*Ғылыми жетекші – з.ғ.м., аға оқытушы Мулкібаева Ш.Р.*)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІНДЕ АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІ ҚАРАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі заманғы цифрлық технологиялар қоғамдық өмірдің барша салаларына енгізілді. Қазақстанда электрондық сот төрелігін цифрландыру кейінгі жылдары құқық қолдану тәжірибесінде және ғылыми ортада үнемі талқылануда. Ал бұл өз кезегінде, терең ізденістер мен дамып келе жатқан тәжірибені егжей - тегжейлі зерттеу қажеттілігін білдіретіні аян.

Кейбір елдер ұзақ уақыт бойы электрондық сот төрелігі жүйесіне ену үрдісі мен жекелеген елдерде даму жолдары әртүрлі жолдармен жүрген. Электрондық сот дамуына алуан көзқарастың негізгі себебі түрлі заңнама, нәтижесінде құқықтық жүйелерге қойылатын талаптар деп болжау қиынды болар еді. Кез келген елдің өзі, бүгінгі шындыққа сүйене отырып, оған қандай ішкі жүйелер қажет екенін анықтайды. Мысалы, Ресейде "Интернет" желісінде сот отырыстарын бейне трансляциялау мүмкіндігі жақында енгізілді, ал Еуропаның кейбір елдерінде сот мәжілісін заңмен жазуға тыйым салынды. Электрондық сот төрелігіне тағы бір кедергі ретінде - техникалық дамудың алуан деңгейі. Көптеген елдерде барлық соттар түрлі идеяларды жүзеге асыру үшін қажетті техникалық құралдармен жабдықталмаған, ал АҚШ-та соттарды ақпараттандыру өткен ғасырдың 80 - ші жылдарында басталған.

Қазіргі заманда онлайн жүйеде электронды құжат айналымы қызметінің саны күн санап өсіп келеді. Бұл мақсатта Электронды үкімет порталы халық пен биліктің жұмысының сапасының артуына ықпал етіп, тиімді, ашық, әрі азаматтарға қолжетімді бола түсті.

Мақаланың зерттеу жаңалығы ретінде азаматтық істер бойынша электрондық форматта сот ісін жүргізу тәртібі мен құқықтық реттелу негіздерін пайда болатын құқықтық қатынастарды реттейтін қолданыстағы заңнамаға және құқық қолдану, сонымен қатар бірқатар шетел мемлекеттердің электрондық сот ісін жүргізу тәжірибесіне салыстырмалы талдау жүргізіле отырып, нәтижесінде зерттеуге алынған нормаларды құқықтық реттеуді жетілдіруге байланысты тиімді ұсыныстар беруге мүмкіндік жасалады.

Бүгінгі күні электронды сот өндірісінің мәселесіне байланысты көптеген ғалымдардың көз-қарастары және ой пікірлері бар. Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттерінде электронды сот өндірісінің дамуына байланысты салыстырмалы анализ жасауға А.А. Власов, В.Ф. Тараненко, У.К. Ихсанов, М.К. Сулейменовтің еңбектері пайдаланылды.

Азаматтық істерді қарастыруда электрондық технологияларды қолдануда заңнамалық, теориялық және тәжірибелік артықшылықтары мен кемшіліктері бар екені белгілі.

Кейбір тәжірибелік заңгерлер электрондық сот төрелігінің айқын артықшылықтары бар, сондықтан барлық сот процестерін онлайн режимінде шығару керек деп санайды.

Ал қалғандары әрбір іс жеке, дербес барлық процессуалдық нормалар дәйекті қарастыру жөн деп пікір білдіреді. Атап айтқанда, қылмыстық істерге, байланысты көптеген сұрақтар туындайды. Ал кейбір заңгер мен ғалымдардың пікірінше цифрландыруға толық көшу сот ісін жүргізуді тараптардың сайысушылық сияқты маңызды құрамдас бөліктен айыруы мүмкін деп санайды. Азаматтық процесс адвокаттар мен прокурорлардың іске тікелей қатысуын қамтиды, бірақ онлайн-жүйе процестерді тек ресми форматқа қарай ығыстыруы мүмкін деген болжам айтады. Сондай-ақ электрондық сот ісі ескірген құжаттамалық сот ісін жүргізуден электронды сот ісін жүргізуге ауысу, бюрократияны төмендетуге және азаматтардың сот төрелігіне қол жеткізуін жеңілдетуге ғана емес, сонымен бірге сот төрелігін ашық әрі сыбайлас жемқорлықты төмендетуге ықпал ететініне назар аударғымыз келеді.

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, цифрлық технологияларды қолдану арқылы сот органдарының жедел қызметіне, соттар, іске қатысушылар, сондай-ақ басқа органдар арасында ақпарат алмасу жеңілдетілетініне ықпал етеді.

Кемшіліктері ретінде келесідей бірқатар мәселелер туындауы мүмкін. Атап айтсақ, іске қатысатын тараптар арасында қысым жасау, деректердің құпиялылығы мәселелері, адвокаттың өзіне сенім берген тұлғаны толық мүддесін сотта жеткізе алмау және т.б. Дамымаған жүйеде манипуляцияның жаңа түрлерінің пайда болуы әбден мүмкін. Мысалы, тараптардың біріне пайдалы болуы мүмкін интернет байланысының үзілуі, қатып қалуы, қатысушылар санының шектеулілігі және т.б. Сондай-ақ, іс материалдарының толықтығын қамтамасыз етумен байланысты ауыртпалықтар. Соттардың онлайн нысанға ауысуымен бұл қиындықтар одан әрі күшейе түскенін айтуға болады. Дәлелдермен теріс пайдалану қаупі туындай түседі. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты «Сот кабинеті» сервисі арқылы (сканерленген көшірмелер арқылы) дәлелдемелерді жіберу бұрмалау үшін алғышарттар орын алуы мүмкін. Мысалы, іске қатысушылардың бірі құжаттың түпнұсқалығын, қол қоюдың түпнұсқалығын, құжатты толтыру сапасын және іске қатысушының сот отырысына қатысқан кезде анықтай алатын қандай да бір дәлелдемелерді қолдан жасаудың басқа да белгілерін тексере алмайды. [1, б. 25-27].

Сот талқылауының жариялылығы қағидасын қамтамасыз ету зардап шегеді [2]. Онлайн формат арқылы сот отырысына жұртшылықтың қатысуын қалай қамтамасыз етуге болады деген сұрақтар туындайды. Тағы да бір сұрақ жабық форматта өткізілетін сот отырыстарының құпиялылығын қалай қамтамасыз етуге болады (мысалы, WhatsApp бағдарламасы арқылы бейне қоңырауды жазуға болады).

Сот отырысы барысында іске қатысушының біреуін байланыс құралдарынан ажырату немесе тараптардың қатысуынсыз сот отырыстарын өткізу жағдайлары және т. б. орын алуы мүмкін. Бұл Қазақстан Республикасында сот төрелігі туралы кемшіліктердің толық тізімі емес екенін мойындаймыз. Осының бәрін ескеру үшін электронды жүйені біртіндеп енгізу керек сынайлы.

Дамыған шетел мемлекеттердің тәжірибесіне сүйенетін болсақ, «Электрондық сот төрелігі» немесе шет елдерде «e-justice» ұғымы қазіргі уақытта қоғамға тұрақты енді. Айталық, АҚШ-та соттарға құжаттарды тапсыру үшін Public Access to Court Electronic (PACER) және Case Management / Electronic Case Files (CM/ECF) жүйелері арқылы сот мәліметтеріне электронды қол жеткізуге болады. Сот мәліметтеріне қол жетімділік өтеулі нысананда екендігін бірден айта кету керек. Төлемдерден түскен табыстар, ақпараттық жүйелерді қамтамасыз ету және қолдау үшін қолданылады, сонымен қатар, электрондық сот төрелігімен байланысты өзге де шығындарды өтеу үшін пайдаланылады [3].

АҚШ-тың Вермонт штатының дәлелдемелер туралы § 1913 Ережесінде былай делінген: (1) блокчейнда электронды тіркелген сандық жазба, Вермонт штатының дәлелдемелер туралы 902 Ережелеріне сәйкес танылуы керек, егер ол білікті адамның жазбаша өтінішімен, ант берумен, сертификаттау үшін адамның біліктілігін көрсете отырып және: (а) жазба блокчейнге енгізілген күні мен уақыты; (б) блокчейннен жазбаны алу күні мен уақыты; (с) жазба блокчейнде тұрақты қызмет ретінде сақталды; және (d) жазба әдеттегі тәжірибе ретінде үнемі жүргізілетін шаралар барысында жасалды [3].

Европалық Одақ елдерінде электронды сот төрелігі әртүрлі дамыған. Европалық Одақ ұлттық соттарда ақпараттық технологияларды қолдану туралы өзекті мәліметтерден тұратын электронды сот төрелігі мен «Электронды сот төрелігі. Автоматты өңдеу» порталын құрды.

Соттық талқылау кезеңінде ақпараттық технологияларды қолдану үшін көптеген елдердің заңнамалары өзгереді, сонымен қатар, кейбір елдерде байланыс арналары, мысалы, Интернет, сот ісін жүргізудің барлық түрлерінде басқаларында- тек бөлек қолданылады.

Сингапурде электронды сот жүйесі өткен ғасырдың соңында дами бастады. 2000 жылы (Electronic Filing System EFS) құжаттарды электронды жіберу жүйесі енгізілді. Ол жаңа мәліметтерді, құжаттарды, сот үрдісінің әрбір сатын, сот ұйғарымдарын енгізетін сот құжаттарын және сот ісін электронды нысанда Интернет жүйесі арқылы енгізуге мүмкін жасады. Қарастырылып жатқан істер бойынша ашық ақпаратты іздеу мүмкіндігі бар. Бұның бәрін Интернетке қол жетімді болған кезде жеке компьютерден жасауға болады. Бірақ бұл көбінесе заңгерлер мен адвокаттарға арналған.

2016 жылдан бастап Сингапурде жауапкерге Facebook, Skype және интернет-формулар, сондай-ақ (WhatsApp, Viber және т.б.) телефон нөмірлерімен байланысты мессенджерлер арқылы беріледі.

Хорватияда Жоғарғы сот SMS хабарламаларын сот үрдісінде дәлел ретінде пайдалануға болатындығын растады, өйткені олар басқа ақпарат құралдарында сақталған кез-келген басқа жазбаша мазмұнға тең ақпарат көзі болып табылады [3].

Мысалы, Эстонияда электрондық сот ісін жүргізудің ақпараттық жүйесі (e – toimic-E-File proceeding information system) жұмыс жасайды, оның көмегімен сот талқылауы басталуы, құжаттарды жіберу, азаматтық және әкімшілік сот ісін жүргізуде апелляция берілуі мүмкін. Іс құжаттары электронды қолтаңбаны қолдану арқылы тапсырылады. Төлем тапсырмалары мен техникалық қызмет көрсету талаптары, тек Интернет арқылы беріледі, бұл даму мен ақпараттық технологиялардың жеткілікті жоғары деңгейін, ең бастысы- халықтың осы технологияларды өолдануға дайын екендігін көрсетеді [3].

Тапсырманы жеңілдететін және әділеттілікті орнатуға мүмкіндік беретін арнайы нысандағы сотқа шағымды толтыру арқылы қол жеткізуге болады. Өндіріс және өтінім түріне байланысты нысандар әртүрлі болуы мүмкін, дегенмен де олардың форматтары бірдей.

Жүйеге ID-карталары немесе (Mobile-ID) мобилді идентификаторы арқылы кіруге болады. Тұтынушының өзінің идентификаторы арқылы кірген тұлғаға істерге және мәліметтерге рұқсат беріледі. Деректерді қауіпсіз беру үшін ұлттық X-Road ақпараттық жүйесі қолданылады. Сот шешімдері, ұйғарымдар мен шақыру қағаздары электрондық түрде не ақпараттық жүйе арқылы берілуі мүмкін, бұл ретте олардың ашылған күні автоматты түрде тіркеледі немесе іске қатысушының оларды алғаны туралы сотқа хабарлауға тиіс электрондық поштасы арқылы жіберіледі.

Қазақстан Республикасы заңнамасында тек электрондық құжатты пайдалануға жол берілмейтін жағдайларды қоспағанда, электрондық құжат дәлел ретінде танылады. Сондай-ақ, бұйрық және оңайлатылған (жазбаша) істер бойынша электрондық формат жасалды. «Электрондық хаттама» ұғымы, электрондық құжат нысанында дәлелдемелерді бағалауды реттеу, процеске қатысушылардың техникалық құралдарды пайдалануы, мобилді байланыс құралдарын пайдалана отырып, сот процесіне қашықтан қатысу енгізілді.

2022 жылғы тамыздан бастап аумақтан тыс соттылық туралы нормалар қолданысқа енгізілді. Демек, IT-сервис кездейсоқ әдіспен істерді басқа аймақтағы судьяларға жібереді. Бұл аудандық соттардағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді дегенді білдіреді.

Электрондық форматтың бір ерекшелігі-ақпараттық жүйе азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істердің материалдарын цифрлық түрде сақтайды және қауіпсіздіктің жоғары деңгейіне ие.

Дегенменде қоғам, техникалық прогресс бір орында тұрмайды, цифрландырудың қазіргі экономиканың түрлі салаларын дамытуда қосып жатқан үлесі мол. Мобилдік билеттер, онлайн сауда, орталықтандырылған қашықтан басқару, науқастың электрондық тарихы және дәрігерлер мен пациенттердің уақытын үнемдеу сынды игіліктері бар. Жақын уақытта сот жүйесінде, әділ сотты іске асыруда айтулы, қоғамға пайдалы өзгерістермен жетістіктер сөзсіз болатынына сеніміміз мол.

Электрондық сот ісін жүргізу тәртібін ерекшелігі атты тақырыпты зерттеу нәтижесінде келесідей қорытындыға келеміз:

- Процестің жариялылығын қамтамасыз ету үшін барлық мүдделі тұлғаларға шектеусіз қол жеткізуді қоса алғанда, процестің барлық тараптарына техникалық қол жеткізуді қамтамасыз ету.

- Азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде барлық қажетті құжаттардың уақтылы берілуін қамтамасыз ету.

- Халықаралық міндеттемелер мен шетелдік оң тәжірибесін ескере отырып, төтенше жағдай және карантин режимі кезінде құқықтық жүйенің қызметін реттейтін арнайы заңнаманы әзірлеу және қабылдау.

- Дәлелдемелердің түпнұсқалығына қатысты дау жоқ, куәдан жауап алу талап етілмейтін және тараптардың жеке келіп, қатысуын талап етілмейтін істердің кейбір санаттарын тұрақты негізде онлайн көшіруді қарастыруға болады;

- Электронды дәлелдемелер түсінігі мен нысандарын қолданыстағы азаматтық іс жүргізу заңнамасына енгізу жөн деп санаймыз.

1. Вершинин А.П. Электронный документ: правовая форма и доказательство в суде. Учебно-практическое пособие. М.: Издательство «Городец», 2000. С. 106.

2. «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Кодексі // <https://online.zakon.kz/>

3. Сулейменов М.К. Цифровизация в гражданском судопроизводстве: зарубежный опыт// online.zakon.kz